

# ОТБАСЫНЫ СИПАТТАУ ЖҮЙЕСІ



## Вирджиния Сатир(1916-1988)

- Американдық психолог, психотерапевт
- 1927ж. Милуоки қаласындағы мектеп және педагогикалық колледжді аяқтап, 6 жыл мектепте жұмыс істейді, осы кезде Чикаго қаласындағы психоанализ курстарына қатысады.
- 1942ж психология магистрі деңгейін алып, психотерапиялық практикамен айналысады.
- 1951 ж. В. Сатир 28 жастағы шизофрениямен ауыратын клиентпен жұмыс жасайды, терапияны тек клиентпен ғана емес, бүкіл отбасының төңірегінде «Отбасы картасын» құрып, жүргізу қажет деген шешімге келеді



- 1955-1958 жж Иллинойс штатының Психиатрия институтының отбасы психологиясы программасына қатысады
- 1959-1966жж Пало-Альта қаласында Психиканы ғылыми-зерттеу институтының негізін салып, қалыптасуына үлес қосады. Сатир білім басқармасының басшысы болып, оның қарамағында АҚШ-тағы алғашқы отбасы психотерапевттарының білім беру программасы құрылды.



## В.САТИРДЫҢ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ:

1. Біз өскен отбасы, біздің өмірдегі орнымызды және көзқарастарымызды анықтайды
2. Отбасы-бұл жүйе, ол тепе-теңдікке ұмтылады. Осы тепе-теңдікті ұстау үшін әрбір отбасы мүшесінің рөлі, тыйымдар жүйесі, болжанымдар болады.
3. Отбасы жүйесінің бұзылуы- өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкеліп соқтырады, соның нәтижесінде қорғану реакциясы пайда болады.
4. Әрбір адамның салауатты өмір салтын ұстанып, жан-жақты дамуына, мақсатына жетуге дерлік күші бар.
5. Тұлға болып даму үшін әрқашан мүмкіндік бар. Психотерапиялық жұмыстарды бұл процесс барысында жүргізу қажет.
6. Өзгеру процесі бүкіл адамды қамтиды және оның бірнеше сатысы болады.



## **В. САТИРДЫҢ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ**

- «Вы и ваша семья: Руководство по-личностому росту» (Отбасы және отбасыишілік қарым-қатынастарға арналған)
- «Как строить себя и свою семью»(Отбасындағы проблемалар, ата-ана мен бала қарым-қатынастарына арналған)
- «Почему семейная психотерапия»(Не үшін психотерапия бүкіл отбасына жүргізілуі тиіс, отбасында “шизофрения”-мен ауыратын адам және оған басқа отбасы мүшелерінің көзқарасы)
- «Психотерапия семьи»(В.Сатирдың концепцияларына арналған)



# Артур Владимирович Петровский


## (1924-2006)

- Кеңестік және Ресей психологы
- Психология ғылымдарының докторы, профессор
- Әлеуметтік психология, психология тарихы және тұлға психологиясы бағыттарында жұмыс жасаған
- Ұжымның әлеуметтік-психологиялық теориясының негізін салушы
- Ресей білім академиясының президенті(1992-1997)



- А.В.Петровский әлеуметтік топтардың даму динамикасын анықтайтын тұлғааралық қатынастардың концепциясын жасаған.
- Сол теория бойынша, топтағы қарым-қатынас бірнеше қабатты болып келеді:
  1. Сыртқы қабат- топ ішіндегі симпатия және антипатия
  2. Терең қабат- бір мақсат пен міндетке жету үшін біріккен топ







## А.В.ПЕТРОВСКИЙДЫҢ ТҰЛҒА ДАМУЫН ЗЕРТТЕУІ

- Адамның әлеуметтік ортаға бейімделу, сол ортаның (дамуы жоғары немесе төмен) әрдайым өзгеріп отыруы барысында адам тұлға ретінде қалыптасады.



- Балалық шақ
- Жасөспірімдік кезең
- Жастық кезең



Адаптация/  
дезаптация

Индивидуализация/  
деиндивидуализация

Интеграция/  
деинтеграция

## АНДРЕЙ ЕВГЕНЬЕВИЧ ЛИЧКО(1926-1994)

- Кеңестік психиатр, профессор, медицина ғылымдарының докторы;
- В.М.Бехтерев атындағы Психоневрологиялық институттың директорының орынбасары;
- П.Ганнушкин және К.Леонгардтың еңбектеріне негізделіп, өзі ТҰЛҒА ТИПОЛОГИЯСЫН жасаған.
- Психологтар мен психиатрлардың ең жоғары бағалаған монографиясы «Жасөспірімдердің мінезінің психопатиясы мен акцентуациясы». Бұл еңбегі үшін А.Е.Личко В.М.Бехтерев атындағы Үздік Дипломға ие болды.



- **«Жасөспірімдердің мінезінің психопатиясы мен акцентуациясы»** еңбегінде ол психопатия жайлы білімді ұлғайтып, психопатия мен психопаттылыққа бейімділікпен қатар мінез акцентуациясы ұғымы қатар жүреді деп айтқан. **Мінез акцентуациясы**- психопатия мен психикалық денсаулықтың арасындағы кезең. Яғни, ол психикалық патология емес, мінездің бір белгісінің күшеюі. Неміс психиатры К.Леонгардтың «Акцентуациялық тұлғалар» еңбегіне сүйенген А.Е. Личко, акцентуация тұлғаға емес, тұлға мінезінің көрінісіне тән деген пікір айтқан. «Мінез акцентуациясы» терминің жетілдіру арқылы, А.Е. Личко невроз этиологиясының дамуына зор үлес қосты.





- **Гипертимді(белсенділігі жоғары)-** көңіл-күйінің әрдайым жоғары болуы, қарым-қатынасқа оңай түседі, істі бастап, аяғына дейін аяқтамайды. Гипертимді акцентуация тән адамдар бірқалыптылықты, жалғыздықты жек көреді.
- **Циклоидті-** гипертимді және супдепрессиялық фаза тән(әрқайсысы бірнеше апта болуы мүмкін). Циклоидті акцентуация тән адамдар циклді өзгерістерді бастан өткізеді. Көңіл-күйінің болмағанда бұл адамдар, жұртшылық арасындағы оған байланысты айтылған сөзді көңіліне алады. Бірақ, олар өмірді сүйеді, тез қарым-қатынасқа түседі, инициативалары жоғары.
- **Лабильді-**әрдайым көңіл-күйлері ауысып отырады. Олар сырттан айтқан сөзді жүрегіне жақын қабылдайды, қарым-қатынас жеңіл беріледі, ақкөңіл, барлығына көмек жасағысы келеді.



- **Астено-невротикалық**- үнемі шаршаған және эмоцианалды қозған күйде болады. Егер де іс олардың байқауынан шығып кетсе, олар аффективті эмоциялық жағдайда болады.
- **Сенситивті**- ұялшақ, өз-өзін бағалауы төмен. Жасөспірім шағында өзімен жасты балалардың күлкі объектісіне айналады. Көмек жасауға әрдайым дайын, мейірімді. Қызығушылықтары-интеллектуалды-эстетикалық.
- **Психоастеникалық**- үнемі өз-өзіне анализ жасайды. Жылдам шешім қабылдай алмайды, жауапкершілікті ешқашан өз мойнына алмайды. Көңіл-күйі әрдайым бірқалыпты.
- **Шизоидты**- үнемі байқалатын қорқыныш сезімі тән. Қарым-қатынасқа қиын түседі. Фантазияларға толы ішкі жан дүниесу басқалар үшін жабық. Алкоголизмге жақын.



- **Эпилептоидты-эмоционалды тұрақты емес**, үнемі үрейленіп жүреді. Бұл тип үнемі ұрыс-керісті іздеп жүреді. Педант, өзін қоршаған адамдар арасынан доминанттылыққа тырысады, қызғаншақ.
- **Истероидты-эгоцентризм тән**, назарды жақсы көреді, бірақ күлкі эпицентрі болудан қорқады. Парасуицидке бейім. Коммуникативті, өзінің айтқанында тұрады.
- **Тұрақты емес**- жалқау, еш нәрседе жұмысы жоқ, оқу немесе жұмыс істеу бұл адамдарға тән емес. Үнемі мерекелік уақыт өткізуді ұнатады, көп сөйлейді. Олардың арманы- қысымсыз, кедергісіз өздері қалағандай уақытты өткізу.

